

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне Италия Республикасының Марке политехникалық университетінің (UNIVPM) ректоры Энрико Куальярини бастаған делегация келді. Делегацияны университет ректоры Ермек Берібаев қабылдап, екі ел арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты, Жетісу университеті базасында ашылған Марке политехникалық университеті филиалының дамуы туралы баяндады. Кездесу барысында UNIVPM ректоры, профессор Энрико Куальярини Жетісу жеріне келгеніне қуанышты екенін жеткізді. «Жетісу университетімен ынтымақтастықты жоғары бағалаймыз. Бұл серіктестік студенттер мен оқытушылар үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, екі университет арасындағы байланысты одан әрі нығайта түседі», – деді. Екі университет басшысы қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы келісімге қол қойды. Алдағы уақытта «Ақпараттық жүйелер



UNIVPM РЕКТОРЫ ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІНЕ РЕСМИ САПАРМЕН КЕЛДІ

– Компьютерлік инженерия және автоматтандыру» (бакалавриат), «Экономика және Әлемдік экономика және коммерция» және «Ауыл шаруашылығы ғылымдары мен технологиялары – Жер және ауыл шаруашылығы ғылымдары» (магистратура) бағдарламалары енгізілетін болды.

Ресми жиында профессор Энрико Куальяриниге халықаралық академиялық ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесі үшін Жетісу университетінің «Құрметті профессоры» атағы берілді.

Делегация университеттің ғылыми-зерттеу инфрақұрылымы, UNIVPM филиалының жұмысы және заманауи зертханалардың қызметімен танысты. «Агрономия» қос дипломды білім беру бағдарламасының студенттерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында бағдарламаның жүзеге асырылу нәтижелері таныстырылды. Жаңа оқу жылында аталған бағдарлама бойынша алғашқы бес студент білімін жалғастыру үшін Италияның Анкона қаласындағы Марке политехникалық университетіне барады. Биыл «Агрономия» білім беру бағдарламасының 12 студенті итальян тілінен қарқынды курсты аяқтап, сертификаттарға ие болды.

Кездесу аясында университет ректорлары болашақ ұрпаққа арналған үндеу хаттар сақталған Уақыт капсуласын орнатып, Марке филиалы аллеясына ағаш отырғызды. Бұл бастамалар білім мен ғылымдағы халықаралық әріптестіктің нығаюын, ұрпақтар сабақтастығын және болашаққа деген ортақ сенімді айшықтай түсті.



ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕКТОРЫ ҮЗДІК ОҚЫТУШЫ-ҒАЛЫМ АТАНДЫ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR) жүргізген Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының бас рейтингі нәтижесінде І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғалымы, заң ғылымдарының докторы, профессор Ермек Әбілтайұлы Бөрібаев ТОП-50 үздік профессор-оқытушылар құрамының қатарына еніп, еліміздің көрнекті оқытушы-ғалымдары арасында 10-орынды иеленді.

Бұл жетістік – ғалымның көп жылғы қажырлы еңбегінің, ғылым мен білім саласындағы жоғары кәсібилігінің және ғылыми ізденістерінің жемісі. Ермек Әбілтайұлының ғылыми еңбектері мен зерттеулері отандық құқық ғылымының дамуына елеулі үлес қосып, ғылыми қауымдастық тарапынан жоғары бағаланып келеді.

Аталған рейтинг оқытушылардың ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және қоғамдық қызметтерінің нәтижелілігін бағалау мақсатында өткізіледі. Рейтинг жоғары білім беру жүйесіндегі үздік тәжірибелерді айқындап, ғалымдар мен оқытушылардың кәсіби жетістіктерін

насихаттауға, сондай-ақ ғылым мен білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Бұл рейтинг еліміздің жоғары оқу орындарындағы профессор-оқытушылар құрамының бәсекеге қабілеттілігі мен ғылыми әлеуетін саралаудың маңызды тетігі болып саналады.

Профессор Ермек Бөрібаев – ауқымды ғылыми жобалардың орындаушысы, бірнеше монографияның, оқу және әдістемелік құралдардың авторы. Ғалымның көптеген ғылыми мақалалары республикалық және халықаралық басылымдарда жарық көріп, өзекті ғылыми мәселелерді шешуге бағытталған маңызды зерттеулерімен ерекшеленеді. Оның заң және құқық салалары бойынша жазған еңбектері жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде кеңінен қолданылып жүр.

Сонымен қатар Ермек Әбілтайұлы І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ректоры ретінде де оқу орнының стратегиялық дамуына, білім беру сапасын арттыруға, ғылыми әлеуетін нығайтуға және халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге зор үлес қосып келеді. Оның бастамасымен университетте заманауи білім беру үрдістері енгізіліп, ғылым мен өндіріс байланысын дамытуға бағытталған маңызды жобалар жүзеге асырылуда.

Ғалым, ұстаз және басшы ретінде танылған Ермек Әбілтайұлының жетістіктері – Жетісу университеті ұжымының ортақ мақтанышы. Бұл жоғары нәтиже университеттің ғылыми әлеуетінің, сапалы білім беру дәстүрінің және профессор-оқытушылар құрамының кәсіби деңгейінің айқын көрсеткіші.

Университет ұжымы Ермек Әбілтайұлын жоғары жетістігімен шын жүректен құттықтап, ғылым мен білім саласындағы жемісті еңбегі, сондай-ақ университеттің дамуына қосқан өлшеусіз үлесі үшін зор алғысын білдіреді. Ел игілігі жолындағы абыройлы қызметіне толағай табыс, мықты денсаулық және жаңа ғылыми белестер тілейді.

ЖАС ҒАЛЫМ ӘЛЕМДІК COURSERA ПЛАТФОРМАСЫНА КУРС ӘЗІРЛЕДІ

Жасанды интеллект білім беру жүйесіне жаңа серпін беріп, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамытудың маңызды құралына айналып отыр. Мұның айқын дәлелі – Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жас ғалымы, философия докторы (PhD) Райгүл Желдибаеваның әлемдегі жетекші жоғары оқу орындарының бірі – АҚШ-тың University of Illinois Urbana-Champaign университетінің профессорларымен бірлесіп Coursera халықаралық білім беру платформасына арналған онлайн курс әзірлеуі.

«Introduction to AI-Supported Language Education» («Жасанды интеллект қолдайтын тілдік білім беруге кіріспе») атты курс бүгінде Coursera каталогына енгізіліп, әлемнің түкпір-түкпіріндегі білім алушыларға қолжетімді болып отыр. Курс авторларының қатарында Zhetyusu University аффилиациясының көрсетілуі – университеттің халықаралық ғылыми кеңістіктегі беделінің артып келе жатқанының нақты дәлелі.

Бүгінде Coursera – миллиондаған қолданушысы бар әлемдегі ең беделді онлайн білім беру платформаларының бірі. Мұнда Стэнфорд, Иллинойс, Йель, Дьюк, Лондон университеті секілді жетекші жоғары оқу орындарының және Google, IBM, Microsoft сияқты халықаралық компаниялардың білім беру бағдарламалары ұсынылады. Осындай беделді ортада Жетісу университеті ғалымының авторлық ұжым құрамында болуы – қазақстандық жоғары білім мен ғылым үшін маңызды жетістік.

Үш модульден тұратын курс жасанды интеллектті тілдік білім беру үдерісіне тиімді енгізудің ғылыми және практикалық негіздерін қамтиды. Оның ішінде Райгүл Желдибаева әзірлеген «Frameworks and Case Studies in AI-Supported Language Education» модулінде жасанды интеллектті тіл үйретуде қолданудың теориялық тұжырымдамалары мен халықаралық тәжірибелер кеңінен баяндалған.

Сонымен қатар білім беру ортасын жобалау, оқу үдерісін бағалау және AI құралдарын өртүрлі тілдік контексте қолданудың нақты мысалдары ұсынылған.

Жас ғалым бұл жобаны өзінің кәсіби дамуындағы маңызды белес деп бағалайды.

– Халықаралық команда құрамында осындай курсты әзірлеу мен үшін үлкен тәжірибе болды. Бұл жұмыс цифрлық білім беру мен жасанды интеллектті оқыту үдерісіне енгізу бағытындағы білімімді тереңдетіп, әлемдік деңгейдегі ғалымдармен тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді, – дейді Райгүл Желдибаева.

Бұл жетістік «500 ғалым» бағдарламасы аясында өткен ғылыми тағылымдаманың нәтижесі болды. 2024–2025 оқу жылында ол University of Illinois Urbana-Champaign университетінде ғылыми зерттеулер жүргізіп, педагогикалық инновациялар, цифрлық білім беру және жасанды интеллект технологияларын білім беру жүйесіне енгізу мәселелерімен айналысты.

Тағылымдама барысында халықаралық ғылыми жобаларға қатысып, шетелдік әріптестерімен бірге жоғары импакт-факторлы журналдарда бірнеше ғылыми мақала жариялады. Сонымен қатар University of Illinois Urbana-Champaign университетінің Education Policy, Organization and Leadership (EPOL) факультетінің зерттеуші-аффилианты мәртебесіне ие болды. Бұл халықаралық ғылыми жобаларға тұрақты қатысуына

және жетекші зерттеушілермен бірлескен жұмыстарын жалғастыруына жол ашты.

Қазіргі таңда Райгүл Желдибаева Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын «Жасанды интеллект тілдік емес мамандықтар студенттерінің академиялық ағылшын тілін меңгерудегі көмекшісі ретінде: рандомизацияланған зерттеу» ғылыми жобасын басқарады. Жобаның ғылыми кеңесшісі – University of Illinois Urbana-Champaign университетінің профессоры Лиам Мэги. Бұл халықаралық серіктестік зерттеудің ғылыми сапасын арттырып, нәтижелерінің тәжірибелік құндылығын күшейтуде.

Соңғы бір жылдың өзінде жас ғалым АҚШ, Литва және Бразилия зерттеушілерімен бірлесіп бірнеше ғылыми еңбек жариялап, олардың екеуі Scopus деректер базасында индекстелетін Q2 санатындағы

халықаралық журналдарда жарық көрді. Оның ғылыми белсенділігінің нәтижесінде Hirsch индексі (h-index) 3-ке жетті.

Райгүл Желдибаеваның жетістігі – бір ғана ғалымның табысы емес. Бұл – Жетісу университетінде халықаралық ғылыми әріптестік пен заманауи білім беру технологияларын дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстың нәтижесі.

Әлемдік білім платформасында жарияланған бұл курс Жетісу университетінің халықаралық беделін нығайтып қана қоймай, қазақстандық ғалымдардың әлемдік білім беру үдерісіне қосып отырған нақты үлесінің дәлелі болып отыр.





ДИПЛОМ - ЖАС МАМАННЫҢ БАСТЫ ҚҰЖАТЫ



Еліміздегі жоғары оқу орындарының арасында алғашқылардың бірі болып диплом тапсыру рәсімін бастаған Жетісу университеті тағы бір маңызды кезеңді абыроймен өткеруде. Бұл – оқу орнының білім беру үдерісін тиімді ұйымдастырып, түлектердің жаңа өмір жолына уақытылы қадам басуына жағдай жасап отырғанының айқын көрінісі. Жетісу университетінің алты факультетін 2025–2026 оқу жылында бакалавриат және магистратура бағдарламалары

бойынша жалпы 1263 түлек тәмамдады. Олардың 133-і үздік диплом иегері атанса, 270 магистрантқа магистр академиялық дәрежесі берілді.

Салтанатты шараларға университет ректоры Ермек Бөрібаев, облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев, Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл, Жетісу облысының прокуроры Бауыржан Жұмақанов, өңірдегі мекеме, құқық қорғау органдарының басшылары, жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер қатысып, жас мамандарға дипломдарды салтанатты түрде табыстады. Қонақтар түлектерді маңызды белеспен құттықтап, олардың кәсіби жолында табыс тіледі.


Диплом тапсыру рәсімінде университеттің қоғамдық жұмыстарына белсенді қатысқан Гуманитарлық, Педагогика және психология, Құқық және экономика, Физика-математика, Жаратылыстану-техникалық, Дене шынықтыру және өнер факультетінің студенттері арнайы марапаттарға ие болды. Олар «Белсенді қоғамдық қызметі үшін» және «Үздік түлек» төсбелгісімен марапатталды. Сондай-ақ студенттер арасында спортты дамытып, байрақты бәсекелерде топ жарған түлектерге «Спорттағы жетістігі үшін» төсбелгі тапсырылды.

Жетісу университеті түлектерінің еңбек нарығындағы сұранысы жыл сайын артып

келеді. Өткен оқу жылында университетті 1432 жас маман бітірсе, олардың 85 пайызы тұрақты жұмыспен қамтылды. Бұл көрсеткіш оқу орнында даярланатын мамандардың сапасы, білім беру бағдарламаларының еңбек нарығы талаптарына сәйкестігін және жұмыс берушілермен тиімді байланыстың нәтижесін айғақтайды.

Бүгінде Жетісу университеті өңірдің ғана емес, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосатын бәсекеге қабілетті мамандар даярлайтын жетекші білім ордаларының бірі ретінде танылып келеді. Жуырда Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының сұранысқа иелігінің тәуелсіз рейтингі -2026 нәтижелерін жариялады. Осы рейтингте І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті отандық ұлттық және аймақтық жоғары оқу орындары арасында ТОП-20 еніп, 11-орынды иеленді.

Диплом – жай ғана құжат емес. Ол – студенттің жылдар бойғы еңбегінің нәтижесі, ата-ананың ақ үміті мен ұстаздардың тынымсыз еңбегінің жемісі. Енді жас мамандардың алдында жаңа мүмкіндіктер мен үлкен жауапкершілікке толы өмір жолы басталады. Жетісу университеті түлектеріне ақ жол тілеп, олардың ел дамуына елеулі үлес қосатын білікті маман, саналы азамат болып қалыптасатынына сенім білдіреді.



ШВЕЙЦАРИЯ жастары қазақ тілін үйренуге ниетті

Цюрих университетінің профессорлары мен студенттерінің Жетісу университетіне кезекті сапары екі жоғары оқу орны арасындағы халықаралық ынтымақтастықтың табысты жалғасып келе жатқанын тағы бір мәрте айғақтады.

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма төрағасы – ректоры Ермек Бөрібаев шетелдік қонақтармен кездесті.

Кездесу барысында академиялық ұтқырлықты дамыту, ғылыми зерттеулерді бірлесіп жүргізу және халықаралық серіктестікті кеңейту мәселелері талқыланды.

Көп жылдан бері жалғасып келе жатқан әріптестік аясында Цюрих университетінің әлеуметтік және мәдени антропология саласының профессоры Петер Финке жетекшілік ететін зерттеу тобы жыл сайын Жетісу өңіріне келіп, студенттердің далалық тәжірибесін ұйымдастырып келеді.

Биылғы бағдарлама аясында швейцариялық студенттер алдымен қазақ тілінің қарқынды курсы менгеріп, кейін қабылдаушы қазақ отбасыларында тұрып, өңірде антропологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл олардың қазақ тілін тәжірибе жүзінде жетілдіріп, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті тереңірек тануына мүмкіндік



береді.

Кездесудің ең әсерлі сәттерінің бірі – Цюрих университетінің екі студентінің қазақ тілінде еркін сөйлеп, алғыс білдіруі болды. Бұл олардың мемлекеттік тілді үйренуге деген ықыласын көрсетіп қана қоймай, қатысушылардың зор қошеметіне ие болды. Швейцариялық жастардың қазақ тілін меңгеруге деген қызығушылығы екі ел арасындағы мәдени байланыстың нығайып, халықтар достығының жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын аңғартты.

Өз кезегінде Ермек Бөрібаев Жетісу университетінің халықаралық ынтымақтастыққа әрдайым ашық екенін айтып, шетелдік студенттердің білім алуына және ғылыми-зерттеу қызметіне жан-жақты қолдау көрсетілетінін жеткізді. Ал профессор Петер Финке көрсетілген қонақжайлық үшін университет басшылығына алғыс білдіріп, студенттер үшін ұйымдастырылған оқу бағдарламасының мазмұнды әрі тәжірибелік маңызы жоғары екенін атап өтті.

Кездесу соңында қатысушылар естелік суретке түсіп, Жетісу университеті мен Цюрих университеті арасындағы достық пен ғылыми-әріптестікті алдағы уақытта да жаңа жобалармен толықтыра түсуге ниетті екендіктерін жеткізді.

CESS-2026 КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



«Посткеңестік Қазақстандағы этникалық репатрианттардың күнделікті өмірі: бейімделу стратегиялары мен интеграция тәжірибелері (Жетісу облысы мысалында)» ғылыми жобасының зерттеу тобы 2026 жылғы 16-19 маусым аралығында Астана қаласындағы Nazarbayev University-де өткен «(Re)Thinking Central Eurasia: Space, Societies, and Power» тақырыбындағы CESS-2026 халықаралық конференцияға қатысты.

Конференция аясында жоба бойынша «Ethnic repatriation as migration: revisiting return and integration in Kazakhstan» тақырыбында арнайы панель ұйымдастырылды. Панелдік сессия модераторы, жоба жетекшісі Н.Байгабатова болды. Ғылыми қызметкерлер Д.Нұрмуханқызы, Г.Ишкалова және А.Абызова өз зерттеулерінің аралық нәтижелерімен таныстырды. Баяндамаларда еліміздегі көші-қон саясаты, қазақ репатрианттардың құқықтық және әлеуметтік қолдау мәселелері, еңбек нарығына кірігуі, сондай-ақ олардың әлеуметтік желілердегі бейімделу нарративтері талқыланды. Панель дискуссанты Ш.Ералиев (Лунд университеті, Швеция) әр тақырып бойынша талдау жасап, өзіндік құнды пікірлерін ортаға салды. Сондай-ақ сессияға қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылып, баяндамашылар жан-жақты жауаптар берді. Нәтижесінде мазмұнды ғылыми пікірталас өрбіп, жоба аясындағы болашақ зерттеулердің бағыттары мен перспективалары айқындалды.

Жалпы CESS-2026 конференциясында 106 панель жұмыс жасады. Жетісу университеті ғалымдары Орталық Еуразия кеңістігіндегі көші-қон, әлеуметтік трансформациялар, билік қатынастары және өңірлік даму мәселелеріне арналған өзекті ғылыми пікірталастарға қатысты, шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасып, болашақ ғылыми ынтымақтастық бағыттарын талқылады.

Бұл конференция Орталық Еуразияны зерттеумен айналысатын 500-ден астам ғалымның басын қосқан маңызды халықаралық ғылыми алаң болды. Мұндай халықаралық ғылыми іс-шаралар отандық зерттеушілердің ғылыми әлеуетін арттыруға және Қазақстан ғылымының халықаралық академиялық кеңістікпен ықпалдасуын нығайтады.

THE UNIVERSITY OF TEXAS AT EL PASO УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ТӘЖІРИБЕ



Физика-математика факультетінің докторанты Сымбат Есжанова 2026 жылғы 17 мамыр мен 20 маусым аралығында Эль Пасо қаласында орналасқан (АҚШ) The University of Texas at El Paso (UTEP) университетінде міндетті шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті.

The University of Texas at El Paso (UTEP) – ғылыми-зерттеу қызметімен халықаралық деңгейде танылған жетекші зерттеу университеттерінің бірі.

Тағылымдама барысында докторант математикалық білім беру саласындағы заманауи ғылыми бағыттармен танысып, математиканы оқыту әдістемесі, инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану және ғылыми зерттеулер жүргізу мәселелері бойынша теориялық және практикалық білімін жетілдірді. Сонымен қатар, университеттің профессор-оқытушылар құрамымен және зерттеушілерімен тәжірибе алмасып, халықаралық ғылыми ортада кәсіби құзыреттілігін дамытты.

Ғылыми тағылымдама барысында докторлық диссертация тақырыбы бойынша жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстары талданып, одан әрі дамыту бағыттары айқындалды. Тағылымдама кезінде жинақталған білім мен тәжірибе докторанттың ғылыми-зерттеу қызметінің сапасын арттыруға, халықаралық тәжірибені отандық білім беру жүйесіне енгізуге және докторлық диссертациясының ғылыми нәтижелерін жетілдіруге оң ықпалын тигізді.

ҒЫЛЫМИ ЖОБА АЯСЫНДАҒЫ ІССАЛАР

2026 жылғы 13–18 шілде аралығында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде жүзеге асырылып жатқан АР23488199 ғылыми жобасы аясында жоба орындаушылары Грузияның Батуми қаласында ғылыми тағылымдамадан өтті.

Тағылымдама барысында қатысушылар мектепке дейінгі білім берудегі инклюзивті тәсілдермен, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау ерекшеліктерімен және Грузияның инклюзивті білім беру тәжірибесімен танысты. Сондай-ақ жеке білім беру маршруттарын талдап, кейстік тапсырмалар орындап, инклюзивті білім беру ортасын жетілдіруге бағытталған жобаларын ұсынды.

Тағылымдама аясында қатысушылар Батуми мемлекеттік университетінің Ғылым және өнер факультетінің қауымдастырылған профессоры, п.ғ.д., Илия Дареджан (Джана) Кахиани, Шота Руставели атындағы Батум мемлекеттік университетінің профессоры, ф.ғ.д., Марине Арошидзе, психология ғылымдарының академиялық докторы, қауымдастырылған профессор Русудан Беридзе және басқа да жетекші ғалымдардың дәрістеріне қатысып, ғылыми және практикалық тәжірибелерімен танысты.

Жоба жетекшісі – PhD, қауымдастырылған профессор Г.С. Майлыбаева.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІНЕ АРНАЛҒАН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ



І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Конституция – құқықтық мемлекеттің негізі» тақырыбында Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енуіне арналған дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға университет басшылығы, мемлекеттік органдардың өкілдері, профессор-оқытушылар құрамы, ғалымдар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Жиынды университеттің Басқарма төрағасы – ректоры Ермек Бөрібаев жүргізіп, қатысушыларды 2026 жылғы 15 наурызда өткен республикалық референдумда Қазақстан халқы қолдаған жаңа Конституцияның күшіне енуімен құттықтады.

Өз сөзінде ректор жаңа Конституцияның қабылдануы еліміздің құқықтық жүйесіндегі маңызды кезең ғана емес, мемлекет дамуының жаңа бағытын айқындайтын тарихи оқиға екенін атап өтті.

«Бұл – мемлекетіміз үшін тек құқықтық меже ғана емес, терең дүниетанымдық мәні бар тарихи оқиға. Жаңа Конституцияда адами капиталды, білімді, ғылымды және инновацияларды дамыту жеке ведомстволық міндет ретінде емес, мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты ретінде бекітілгені ерекше маңызды. Бұл жоғары білім беру ұйымдарына жүктелетін жауапкершіліктің арта түскенінің айқын көрінісі», – деді Ермек Бөрібаев.

Дөңгелек үстелде Жетісу университеті базасында филиалы ашылған Италияның Марке политехникалық университетінің (UNIVPM) ректоры Энрико Куальяринидің бейнеүндеуі көрсетілді.

Энрико Куальярини Қазақстан халқын жаңа Конституцияның күшіне енуімен құттықтап, екі ел арасындағы білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастықтың табысты дамып келе жатқанын атап өтті.

«Италия мен Қазақстанды өзара құрмет пен ынтымақтастыққа негізделген достық қарым-қатынас байланыстырады. Біздің университеттеріміз білім беру, ғылыми зерттеулер және студенттер алмасуы арқылы осы достықты нығайтуға үлес қосып отырғанына мақтанамыз.

Марке политехникалық университеті мен Жетісу университеті арасындағы серіктестік қос дипломды бағдарламалар, оқытушылар алмасуы, бірлескен ғылыми зерттеулер, сондай-ақ Талдықорған қаласындағы Жетісу университеті кампусында жұмыс істейтін университетіміздің филиалы арқылы жыл сайын нығайып келеді. Алдағы уақытта да көптеген жаңа бірлескен жобалардың табысты жүзеге асатынына сенім білдіреміз.

Осы ерекше күні шынайы құттықтауымды қабыл алыңыздар. Конституция күні құтты болсын! Қазақстанның барша халқына ізгі тілектерімді арнаймын», – деді Энрико Куальярини.

Жиын барысында Жетісу облысы Әділет департаментінің басшысы Жандос Бексұлтан, Физика-математика факультетінің деканы Ілияс Есенғабайлов, Құқық және экономика факультетінің деканы Ғалым Төлеуов, Жетісу облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің аса маңызды істер жөніндегі жедел уәкілі Әлібек Ізбасаров және Гуманитарлық факультет деканы Райгүл Желдібаева баяндама жасады.

Баяндамашылар жаңа Конституцияның құқықтық мемлекет қалыптастырудағы рөлі, заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқықтық мәдениетті дамыту мәселелері бойынша өз пікірлерін ортаға салды.

Әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі проректор Болат Сериев өз сөзінде жаңа Конституцияда айқындалған құқықтық мемлекет қағидаттарының қоғам үшін маңыздылығына тоқталды. Ол Мемлекет басшысы айқындаған «Заң мен тәртіп» қағидаты әділетті қоғам мен тұрақты мемлекеттің негізгі тірегі екенін атап өтті.

Іс-шара соңында қатысушылар жаңа Конституцияның Қазақстанның тұрақты дамуының, заң үстемдігі мен қоғамдық келісімнің берік негізіне айналатынына сенім білдірді. Сондай-ақ құқықтық мәдениетті арттыру және конституциялық құндылықтарды дәріптеу бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырудың маңыздылығын атап өтті.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

Бас редактор: Б. Шаянбаева

Редактор: А.Иебекова

Дизайнер: Б.Таубалды

● Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г күзлігі берілген.

● «Жетісу университеті» газеті Байланыс және Имидждік саясат орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Газет айына бір рет шығады.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
Байланыс телефоны: 11-72
Индекс 64568